19 ҚАРАША,
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№128 (23 742)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Жастар жігерін жанған жүздесу
2-бет



Заң қорғайды, тәртіп талап етеді
5-бет



Таиландтағы тамаша жеңіс
8-бет



Тыныштықтың темірқазығы



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қарағанды облысында учаскелік полиция инспекторларының республикалық кәсіби шеберлік байқауы қорытындыланды. Еліміз бойынша жеті мыңнан астам тәртіп сақшысы қатысқан іріктеу кезеңдерінен үздік шыққан 20 инспектор ақтық сында бақ сынап, бас жүлдені Ақмола облысының өкілі Бауыржан Сарыбаев жеңіп алды. Сондай-ақ, байқау аясында Қарағанды облысының қала және ауылдағы үздік учаскелік инспекторлары анықталып, әрқайсысына екі миллион теңгеден ақшалай сертификат табысталды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республикалық байқау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің тапсырмасымен Қарағанды облысы полиция департаментінің ұйымдастыруымен және облыс әкімдігінің қолдауымен өтті. Ақтық сынға еліміздің әр өңірінде кәсіби біліктілігімен, қызметтік даярлығымен және тәжірибесімен ерекшеленген учаскелік инспекторлар жолдама алды.

Байқау барысында қатысушылардың кәсіби дайындығы, қызметтік міндеттерін меңгеруі мен тәжірибелік дағдылары жан-жақты сараланды. Әсіресе, құқық бұзушылықтардың алдын алу, тұрғындармен тиімді байланыс орнату және күрделі жағдайларда жедел әрі сауатты шешім қабылдау қабілетіне баса назар аударылды. Сайыс үздіктерді анықтап қана қоймай, еліміздің әр өңірінен келген тәртіп сақшыларының өзара тәжірибе алмасуына, қызмет барысында қолданылатын тиімді тәсілдерді ортаға салуына мүмкіндік берді.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы, полиция генерал-майоры Мұрат Қабденов, облыстың полиция департаментінің бастығы Нығмет Исмағұлов және облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев қатысты.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген өңір басшысы учаскелік полиция инспекторларының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі айрықша рөліне тоқталды. Оның айтуынша, тұрғындармен күнделікті тікелей жұмыс істейтін тәртіп сақшылары өздеріне бекітілген аумақтағы жағдайды, халықтың мұң-мұқтажы мен өзекті мәселелерін өзгелерден жақсы біледі. Сондықтан, белгілі бір көше, кент немесе ауылдағы тыныштық пен қауіпсіздік көп жағдайда учаскелік инспектордың жауапкершілігіне, принципшілдігіне және тұрғындармен тіл табыса білуіне байланысты.

– Мемлекет басшысы «Заң мен тәртіп» қағидатын қоғамымызды дамытудың маңызды бағдарларының бірі ретінде айқындады. Алайда заң мен тәртіп – тек құқық қорғау органдарының жұмысына ғана қатысты ұғым емес. Бұл, ең алдымен, әр азаматтың өз құқығы қорғалатынына, әділдіктің сөз жүзінде ғана қалмайтынына және мемлекет қажет кезде көмекке келуге дайын екеніне деген сенімі. Осы ретте сіздерге – учаскелік инспекторларға жүктелер жауапкершілік айрықша.

2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Иесін тапқан марапат



Қазақстанның Құрметті журналисі Сағат Батырхан «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Жуырда мерейлі 70 жасқа толған тәжірибелі журналистің саналы ғұмырының басым бөлігі отандық және халықаралық ақпарат саласындағы қызметке арналды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген Сағат Сыдыққызы еңбек жолын 1978 жылы Қарағанды облыстық радиосында бастады. Мұнда тілші, бас редактор қызметтерін атқарды. Кейін «Хабар» агенттігі мен Қазақ радиосының Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі болды. Облыстық телерадиокомпанияда төраға орынбасары – бағдарламалар директоры қызметін де атқарды.


2000 жылы «Азаттық» радиосының Астанадағы бюросын басқарды. Ал, 2001 жылы Чехияның Прага қаласына барып, «Азаттық» радиосының қазақ редакциясында еңбек етті. 12 жыл бойы редактор, онлайн продюсер ретінде қызмет атқарды.

2013 жылы елге оралып, облыстық телерадио саласындағы қызметін жалғастырды. «Қазақстан» телерадиокорпорациясының облыстық филиалында, кейін «SARYARQA» телеарнасында қазақ редакциясының бас редакторы болды.

Өз тілшімізден

Шағын шеберханадан – шартарапқа

Құрыш қаланың өндірістік қуаты алып пештерде балқыған болатпен ғана өлшенбесі кәдік. Металлургияның күрделі тетіктері мен технологиялық жабдықтарын жасап, өндірістің үздіксіз жұмыс істеуіне үлес қосып отырған жергілікті кәсіпорындардың да бұл саладағы орны айрықша. Өйткені, ірі өнеркәсіптің өрісі онымен сабақтас өндірістердің дамуымен де кеңейеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында Qarmet кәсіпорнын арнайы мысалға алып, өңірдегі негізгі саланың төңірегінде білім, ғылым, қызмет көрсету және сабақтас өндірістерді қамтитын біртұтас жүйе қалыптастырудың маңызын атап көрсетті. Осы міндеттің нақты көрінісі – Теміртаудағы «Инкар-1» машина жасау кәсіпорны. Ширек ғасырдан астам уақыт бұрын шағын шеберханадан бастау алған өндіріс бүгінде еліміздің ірі өнеркәсіп ошақтарына қажетті күрделі бөлшектер мен жабдықтар әзірлейтін кәсіпорынға айналып үлгерді. Күні кеше «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Қарағанды облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстанның үздік тауарлары» байқауының «Өндіріске арналған тауарлар» аталымында үздік деп танылды.



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ
ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ
2026

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы қадамдар

Кәсіпорынның қалыптасу тарихына үңілсек, бүгінгі өндірістің іргетасы 1998 жылы қаланған. Ол кезде Теміртаудағы небәрі 60 шаршы метрлік шағын шеберханада екі токарь станогы мен үш жұмысшы ғана болған. Алғашқы тапсырыстар да аса күрделі емес, өндірістік жабдықтарға қажетті қосалқы бөлшектер мен жекелеген тетіктерді әзірлеуден басталды. Әйткенмен, машина жасаудың өзіндік машақаты бар. Әр бөлшектің дәлдігі, материалдың беріктігі, жабдықтың техникалық талапқа сәйкестігі айрықша жауапкершілікті қажет етеді. Сондықтан, кәсіпорынның дамуы өндірістік тәжірибе жинақтаумен, инженерлік мүмкіндіктерді кеңейтумен және күрделі тапсырыстарды игерумен қатар жүрді.

– Жылдар бойы шығарылатын өнім түрлерін едәуір көбейтіп, өндірістік базамызды нығайттық. Одан әрмен өзіміздің инженерлік-техникалық әлеуетімізді жетілдірдік.

4-бет

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді.«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR арқылы жазылуға болады

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 487.73 ●USD/KZT 443.96 ●RUB/KZT 5.38 ●CNY/KZT 66.6

Қазақстан Ұлттық Банкінің 18 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

Құттықтау



Құрметті асыл әке, қадірлі жар, қамқор ата – **Жанат Қасенович ОРАЗОВ!**

Сізді 63 жасқа толған мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Өміріңіздің бір белесін абыроймен еңсеріп, лайықты зейнет демалысына шығып отырсыз. Еңбек еткен жылдарыңызда үлкен тәжірибе жинап, адамдардың құрметіне бөлендіңіз.

Айналаңызға сыйлы, отбасыңызға тірек болып келесіз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық пен шаңырағыңызға шаттық тілейміз. Әрбір атқан таңыңыз қуаныш пен береке әкелсін, немере-шөберелеріңіздің қызығына тоймай, ортамызда аман-есен жүре беріңіз!

Ізгі тілекпен: жолдасыңыз – **Құралай, балаларыңыз, немерелеріңіз!**

№390

Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2026 жылдың 23 желтоқсан күні сағ. 11:00-де **2027-2029 жылдар кезеңіне арналған Хаджиконган ашық кенішін уақытша консервациялау жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, 2027-2029 жылдар аралығындағы жұмысты уақытша тоқтату кезеңінде «Хаджиконган» ашық кеніші үшін атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН), 2027-2029 жылдар аралығындағы уақытша консервациялау кезеңінде «Хаджиконган» кен орнындағы булану тоғанына түсетін ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген төгінділері (ШРЕТ) жобасы, 2027–2029 жылдар аралығындағы уақытша консервациялау кезеңінде «Хаджиконган» кен орнындағы қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ)», 2027-2029 жылдар аралығындағы өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары, 2027-2029 жылдар аралығындағы қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары** бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың келесі мекенжайда өткізілетінін хабарлайды: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шешенқара ауылы, Пискунов көшесі,46А, Мәдениет үйі ғимараты.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шешенқара ауылы.

Онлайн видеоконференц-байланысқа сілтеме: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-en/j.php?MTID=m9d9811e5abdd367911aae210de6a6f03

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 2515 571 8705

Жиналыс құпия сөзі: 123456zZ

Учаскенің географиялық координаталары:

№	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	49°50′49,97″	73°59′44,69″
2	49°49′23,95″	73°56′12,66″
3	49°51′41,04″	73°53′59,52″
4	49°53′07,12″	73°57′31,65″

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Бесбаева М.М., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС сарапшысы, тел.8(7172)557665 (ішкі нөмер 10894), эл.мекенжайы: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары келесі сайттарда орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz және www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kz

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей https://ndbecology.gov.kz сілтемесі бойынша, эл. мекенжайы expertiza.upr_krg@mail.ru және Қарғанды облысы, Қарағанды қ., Лобода көшесі 20, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»» ММ пошталық мекенжайы бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ, белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекенжайы бойынша және тел. нөм.: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) арқылы сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате открытых собраний 23 декабря в 11:00 часов по следующим проектам: **раздел «Охрана окружающей среды» к «Проекту временной консервации карьера «Хаджиконган» на период с 2027г. по 2029г.», проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу (НДВ) для карьера «Хаджиконган» в период временной консервации на 2027-2029 годы, проект нормативов допустимых сбросов (НДС) загрязняющих веществ, поступающих в пруд-испаритель месторождения «Хаджиконган» разработан на период временной консервации с 2027 по 2029 годы., программу управления отходами (ПУО) для карьера «Хаджиконган» в период временной консервации на 2027-2029 годы , программа производственного экологического контроля на период 2027-2029 годы, план мероприятий по охране окружающей среды на 2027-2029 годы** по адресу: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, сельский округ Шешенкара, ул.Пискунова, 46А, здание Дома культуры.

Территория воздействия: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, сельский округ Шешенкара.

Ссылка на онлайн видеоконференц-связь: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-en/j.php?MTID=m9d9811e5abdd367911aae210de6a6f03

Номер совещания (код доступа): 2515 571 8705

Пароль совещание: 123456zZ

Географические координаты участка:

№	Северная широта	Восточная долгота
1	49°50′49,97″	73°59′44,69″
2	49°49′23,95″	73°56′12,66″
3	49°51′41,04″	73°53′59,52″
4	49°53′07,12″	73°57′31,65″

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., эксперт ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7172) 557665 (вн.10894), эл.адрес: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: https://ndbecology.gov.kz и www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru .

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке https://ndbecology.gov.kz, на эл.адрес: и почтовый адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru Карагандинская область, г.Караганда, ул.Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и по номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

к

Тозған жолға тың тыныс

Теміртауда жылдар бойы жөндеу көрмеген көшелер жаңарып, тұрғындардың жүріп-тұруына қолайсыздық туғызған жол мәселелері біртіндеп шешімін тауып келеді. Биыл қалада жалпы ұзындығы 17,2 шақырым болатын автомобиль жолдарын жөндеу жоспарланған. Соның нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 71,4 пайыздан 73,9 пайызға дейін артады деп күтілуде. Бұл – жол инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған кешенді жұмыстың бір нәтижесі. Әсіресе, инженерлік коммуникациялардың құрылысы мен қайта жаңғыртылуына байланысты ұзақ уақыт жөнделмей келген көшелерге назар аударылуы маңызды. Алдағы жылы да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, қаланың көше-жол желісін кезең-кезеңімен жаңарту көзделіп отыр.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қаланың көркі ең алдымен оның көшелерінен көрінеді. Тегіс жол, жарықтандырылған даңғыл, жаяу жүргіншіге ыңғайлы тротуар мен абаттандырылған қоғамдық кеңістік тұрғындардың күнделікті тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан, Теміртауда кейінгі жылдары қолға алынған ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу жұмыстары тек жол төсемін жаңартумен шектелмей, қалалық ортаны кешенді жақсартуға бағытталып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, қаланың басты күретамырының бірі – Металлургтер даңғылын күрделі жөндеу айрықша мәнге ие. Ұзындығы 2,93 шақырым болатын даңғылды жаңғырту жұмыстары 2024 жылы басталған еді. Жобалық-сметалық құны 9 миллиард 923,1 миллион теңгені құрайтын ауқымды жобаны жүзеге асыру «Көкшетауавтожол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жүктелген.

Бүгінге дейін мердігер ұйым бірқатар маңызды жұмысты атқарды. Атап айтқанда, даңғылдың жол төсеміне асфальт төселіп, гранит жиектастар орнатылды. Жауын-шашын суын бұруға арналған нөсерлік кәріз жүйесі жасалып, бағдаршамдар қойылды. Жаяу жүргіншілер аймағы ішінара ретке келтіріліп, даңғылдың орталық жасыл белдеуіне жиектастар орнатылды. Сонымен қатар, бульвар бөлігінде велосипед жолы салынып, бульвар мен тұрғын үйлердің айналасы жарықтандырылды.

Мұндағы мақсат – көлік қозғалысын жеңілдетумен қатар, тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада жүріп-тұруына жағдай жасау. Сондықтан, жобада балалар ойын алаңдарын, қозғалысы шектеулі азаматтарға арналған арнайы алаңдарды, көше тренажерлері мен спорт кешендерін орнату да қарастырылған. Яғни, күрделі жөндеу аяқталған кезде Металлургтер даңғылы көлік қатынасына қызмет ететін жол ғана емес, тұрғындардың серуендеп, тынығуына, спортпен шұғылдануына мүмкіндік беретін қоғамдық кеңістікке айналуға тиіс.

Әрине, мұндай ауқымды жобаны жүзеге асыру бір күннің шаруасы емес. Алда даңғылдың тұрғын үйлер орналасқан бөлігінде тіреу қабырғаларын тұрғызу, үйлердің айналасындағы тротуарлардың негізін дайындау, инженерлік коммуникациялар жөнделгеннен кейін жаяу жүргіншілер жолдарын қалпына келтіру секілді жұмыстар бар. Жоба аясындағы барлық белгіленген жұмысты 2027 жылдың маусым айында толық аяқтау жоспарланған.

Теміртауда жол жөндеу жұмыстары Металлургтер даңғылымен шектелмейді. Қаланың өзге көшелерінде де қозғалыс қауіпсіздігін арттыру, жолдың тозған бөліктерін қалпына келтіру және көлік қатынасын жақсарту мақсатында жүйелі шаралар қабылдануда.

Биылғы орташа жөндеу жұмыстары – 2025 жылы басталған істің заңды жалғасы. Осы мақсатта жасалған жоспарға қаланың көлік қозғалысы қарқынды магистральдары да, шағын көшелері мен тұрғын үй секторына апаратын жолдар да енгізілген.

Мәселен, Республика даңғылының Қарағанды көшесінен Металлургтер даңғылына дейінгі 2,6 шақырымдық бөлігі жөндеу нысандарының қатарынан орын алды. Сондай-ақ, Абай көшесінің батыс өнеркәсіп аймағындағы 1,23 шақырым жолын және осы көшенің Металлургтер даңғылынан Ш.Уәлиханов көшесіне дейін созылатын 2,112 шақырымдық бөлігін жаңарту қарастырылды.

Қаланың негізгі көлік артерияларының бірі – Бейбітшілік даңғылы да назардан тыс қалған жоқ. Оның Сарыарқа көшесінен Теміртау көшесіне дейінгі ұзындығы 2,42 шақырым болатын учаскесі орташа жөндеу жоспарына енгізілді. Бұған қоса, Шиллер көшесінің 0,335 шақырымы мен Отрадное елдімекеніндегі 0,27 шақырым жолды жөндеу де осы жұмыстардың аясында қамтылды.

Жол сапасын жақсарту мәселесі білім беру ұйымдары орналасқан аумақтар үшін де маңызды. Осыған орай №17 мектеп маңындағы Лебедев көшесінің 0,255 шақырымдық бөлігі жөнделетін нысандар тізіміне енді. Ал, Теміртау қаласының Бейбітшілік даңғылынан Абай көшесіне дейінгі 0,566 шақырым жолын қалпына келтіру қаланың осы бөлігіндегі көлік қатынасын жақсартуға бағытталды.

Жөндеу жұмыстары Ш.Уәлиханов көшесінің 0,6 шақырымдық бөлігін, Тәуелсіздік бульварының 0,53 шақырымын және жеке секторға өтетін Восточная көшесінің 0,621 шақырымын да қамтыды. Сонымен бірге, Сарыарқа көшесінде ұзындығы 1,7 шақырым болатын тротуар салу жұмыстары орындалды.

Мұндай жұмыстардың маңызын тек жаңартылған асфальттың көлемімен өлшеуге болмайды. Сондықтан, әрбір учаскедегі жөндеу жұмысы сол аумақтың ерекшелігі мен тұрғындардың күнделікті қажеттілігі ескеріле отырып жүргізіледі.



Орташа жөндеу бағдарламасы аясында Крупская көшесінің 1,742 шақырымдық бөлігі де қамтылған. Бұған қоса, Брусиловский көшесінің Бейбітшілік бульварынан Абай көшесіне дейінгі 0,6 шақырым жолында тиісті жұмыстар қарастырылды.

Осылайша, 2026 жылы қалада жөндеумен қамтылуға тиіс автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 17,2 шақырым. Жүргізілген шаралардың нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесін бұрынғы 71,4 пайыздан 73,9 пайызға дейін жеткізу көзделіп отыр. Бұл көрсеткіш қала жолдарының техникалық жағдайын біртіндеп жақсартуға бағытталған жұмыстың нақты нәтижесін айқындайды.

Алдағы жылға белгіленген міндеттер де ауқымды. Атап айтқанда, 2027 жылы Ватутин көшесінің 0,605 шақырымдық және Төлеубаев көшесінің 1,880 шақырымдық бөліктерін жөндеу жоспарланған. Сондай-ақ, Сегізінші шағынаудандағы Бейбітшілік бульварынан қаланың жаңа жолына дейінгі 0,452 шақырым жолды қалпына келтіру көзделіп отыр.

Келер жылғы жұмыстардың қатарында Лисовенко көшесінің 1,1 шақырымы да бар. Бұдан бөлек, Брусиловский көшесінің Абай көшесінен Чернышевский көшесіне дейінгі 0,8 шақырымдық және Бейбітшілік көшесінен Космонавтар көшесіне дейінгі 1,24 шақырымдық бөліктерін жөндеу қарастырылған. Ал, Озерная көшесінде ұзындығы 1,319 шақырым болатын жол учаскесін жаңарту міндеті тұр.

Көшелер өтпелі нысандар ретінде бұған дейін жасалған келісімшарттар аясында жөнделмек. Жоспар бойынша келесі жылы жөнделетін жолдардың жалпы ұзындығы 6,6 шақырым деп көрсетілген. Сонымен қатар, 2027 жылы қосымша техникалық құжаттамалар әзірленіп, жөндеу жүргізілетін нысандардың санын арттыру жоспарлануда.

Бұл ретте ұзақ уақыт бойы шешілмей келген мәселелерге ерекше назар аударылып отыр. Теміртау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Думан Серіковтің айтуынша, биыл осындай проблемалық учаскелердегі жұмыстарды қолға алуға мүмкіндік туған.

– Биыл көп жылдар бойы шешімін таппай келген бірқатар маңызды мәселені реттеуге кірістік. Соның бірі – Брусиловский көшесі. Инженерлік коммуникацияларды төсеу қажеттілігіне байланысты бұл көшеде ұзақ уақыт бойы жол жөндеу жұмыстары жүргізілмеген еді. Биыл оның бір бөлігі орташа жөндеуден өтті. Ал, Озерная, Ватутин және Төлеубаев көшелерінде инженерлік тораптардың құрылысы мен реконструкциясына байланысты жолдарды жөндеу мәселесі ұзақ уақыт бойы өзекті болып келді. Ендігі міндет – осы учаскелердегі жұмыстарды кезең-кезеңімен жүзеге асыру, – дейді Думан Серіков.



ТЕМІРТАУ

Суреттер Теміртау қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінен